

**Ақмола облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды ұстау және серуендету ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 5С-8-9 шешімі . Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 қаңтарда № 3620 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2015 жылғы 17 ақпандағы № 5С-34-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 17.02.2015 № 5С-34-5 (қол қойылған күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 311 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-2) тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды ұстау және серуендету ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<b>А қ м о л а</b>	<b>о б л ы с т ы қ</b>
	<b>м ә с л и х а т ы</b>	<b>с е с с и я с ы н ы ң</b>
<i>төрағасы</i>	<i>А.Тайшытаев</i>	
	<b>А қ м о л а</b>	<b>о б л ы с т ы қ</b>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Н.Дьячек</i>	
<b>«КЕЛІСІЛДІ»</b>		
<i>Ақмола облысының әкімі</i>	<i>Қ.Қожамжаров</i>	
	<b>Қ а з а қ с т а н</b>	<b>Р е с п у б л и к а с ы</b>
	<b>Д е н с а у л ы қ</b>	<b>с а қ т а у</b>
	<b>м и н и с т р л і г і н і ң</b>	<b>М е м л е к е т т і к</b>
	<b>с а н и т а р л ы қ - э п и д е м и о л о г и я л ы қ</b>	

## **Ақмола облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау және қыдырту ережесі**

### **1 тарау. Жалпы ереже**

1. Ақмола облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау және қыдырту ережесі (әрі қарай - Ереже) Ақмола облысы аумағында иттер мен мысықтардың ұстауын және қыдыртуын регламенттеу мақсатымен әзірленген.

2. Ереже меншік нысанына қарамастан, иттер мен мысықтарды ұстайтын жеке және заңды тұлғаларға бірдей таратылады. Ерекшелікті тек қызметтік иттері және тәлімбақтар бар құқық қорғау органдарының мекемелері құрайды.

3. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

### **2 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау жағдайлары**

4. Иттер мен мысықтарды ұстайтын иелеріне санитарлық-гигиеналық және ветеринарлық ережені сақтау керек.

5. Көп қабатты үйлердің қоғамдық орындарында (баспалдақ торларында, жер қабаттарында, дәліздерде), сонымен қатар балкондарда және лоджияларда иттерді ұстауға тыйым салынады.

6. Жеке үйлердің иелері иттерді олардың қашып кетпеуіне жол бермейтін жеке аула шекарасында ұстайды. Үй ауласына кіреберісінде, дарбазада иттер бар екендігі туралы белгі болуы тиіс.

7. Қоғамдық орындарда иесіз жүрген иттер мен мысықтар, кәсіпорындар мен мекемелерде иесі байлап кеткеннен басқасы, қаңғыбас деп есептеледі және қаңғыған иттер мен мысықтарды аулау бойынша арнайы қызметтерімен міндетті аулауға жатады.

Бақылаусыз қалған иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұйымдастырылады және жүргізіледі.

### **3 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау тәртібі**

8. Иттер мен мысықтардың иелері заңды мәртебесіне және меншік нысанына қ а р а м а с т а н :

1) иттер мен мысықтарды ұстауды осы Ереженің талаптарына сәйкес қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) қоршағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, санитарлық ережелерді сақтау үшін қажетті шараларды қабылдайды;

3) иттер мен мысықтарды ұстағанда және қыдыртқанда пайда болған жалпыға ортақ қолданылатын орындарды және басқа да қоғамдық орындарды ластанудан т а з а р т а д ы ;

4) жануарды егу, қарау және ұстауға байланысты шығындарын осыларды жүзеге асырған органдарға барлық шығындарын өтейді;

5) жануарлар тістеген, сонымен қатар жануарлардың қапыда жұт болған барлық жағдайлар жөнінде селолық округтің мал дәрігеріне немесе ветеринарлық қадағалау органдарына және денсаулық сақтау органдарына дереу хабарландырады, ауруға күмән болған жағдайда, ветеринарлық қызметінің мамандары келгенше, жануарды жеке ұстау немесе жануарды қоғамдық көлікті қолданбай мал дәрігеріне жеткізуі тиіс;

6) құлаған жануарлардың өлекселері мал қорымдарында немесе өлексе жағатын п е ш т е р д е ө р т е й д і ;

7) ветеринарлық қызметкерлерге жануарларды диагностикалық зерттеу және вакцинация мен дегельминтизацияны өткізу үшін олардың талабы бойынша б е р е д і .

9. Жануарлардың құтыру ауруға шалдыққан күдікті фактісі анықталған жағдайда, осы инфекцияға қарсы бұрын идентификация және иммунизация процедураларын өтпегенде - оларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынады және жойылады.

### **4 тарау. Иттер мен мысықтарды қыдырту тәртібі**

10. Жануарларды қыдырта жүріп, олардың иелері мына ережелерді ұстану к е р е к :

1) иттерді аулада, балалар алаңдарында, мектеп аулаларында, стадиондарда, саябақтарда, скверлерде қыдыртуға болмайды. Қыдыратын орынға жеткенше иттер мен мысықтардың қалдырған (табиғи шығарылымдарын) ластауларын

т а з а р т у ғ а ;

2) иттерді арнайы бекітілген, қоршалған жерлерде қыдырту керек, егер осындай жерлер болмаса, иттердің қыдыртуын құла далада жүзеге асырылады;

3) адамдар көп шоғырланатын жерлерде, қоғамдық көліктерде және қоғамдық орындарда иттерді қысқа жіппен және мұрынға киетін құралмен шығару керек;

4) иттерді түнгі уақытта қыдыртқан кезде олардың иелері тыныштықты сақтау бойынша шараларын қамтамасыз етеді.

## **5 тарау. Қорытынды ережелер**

11. Осы Ережені бұзғандығы үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК